

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті

**5B020300 Тарих мамандығына арналған**

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері  
факультетінің Ғылыми кеңесінде бекітілді  
№ 1 хаттама «28» тамыз 2013 ж.

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Қ. Әбдезұлы

## СИЛЛАБУС

**Кык«О»Т 1102 - Кәсіби бағдарлы қазақ тілі (3 кредит)**

1 курс, орыс бөлімі, көктемгі семестр

Пән оқытушысы: ф.ғ.к., доцент

Егізбаева Назыкен Жәненқызы

Байланыс телефондары (жұмыс, үй, ұялы байланыс): 3773339, 3773330 (1325),  
мемлекеттік тіл кафедрасы, 87015009304

[e-mail: nazyken@mail.ru](mailto:nazyken@mail.ru)

кафедра: 326 фил.фак.

## Модульдің МАЗМҰНЫ:

### Мақсаты:

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы даму деңгейі, басқа елдермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік қауымдастықта ықпалының артуы біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, өз елінің тарихи құндылықтары тілі мен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, ғаламдану үдерісінде мемлекетіміздің жедел дамуына үлес қосатын мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгерген білікті мамандарды қалыптастыру, даярлау оқу мазмұнының негізгі міндеті болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсу салаларын ескере отырып, сөйлеу әрекетінің 4 қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген тіл үйренушінің мақсаты, тілді қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады. Модульде тілдік құзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматикаға негізделеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ең басты мақсат – тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту.

Оқыту үдерісінде жобалай оқыту технологиялық жүйесі мен жеке тұлғаға бардарлай оқыту бағытын қолдану негізінде студенттердің қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығы артып, жауапкершілік, белсенділік, алға қойылған мақсатқа

ұмтылушылық, шығармашылық, өздігінен шешім таба білу шеберліктері, ойлау икемділігі мен қиялы ерекше даму сатысына көтеріледі.

#### **Міндеттері:**

- тілдік білім берудің негізгі құзіреттілігі және оның нәтижелі болуы;
- коммуникативті-функционалдық бағыт;
- пән мазмұны мен оның нәтижесінің белгіленген типтік стандарт бойынша оқытылуы мен тілді меңгертуі;
- пән мазмұнының сала, тақырып, шағын мәтін және қатысымдық типтік жағдаяттарынан құралған когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде берілуі;
- тілдік құзіреттілікгі анықтаудың параметрлік өлшем бірліктерін көрсету.

#### **Жалпы құзірет:**

құралдық:

- мемлекеттік тіл - қазақ тілін өзара қарым-қатынас пен мәдениетаралық қатысымда қолдана алу;
- қазақ тіліндегі ғылыми және публицистикалық мәтін мазмұнындағы ақпараттарды түсіну; алған мәліметтерді кеңейту; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алу;
- қазақ тілін меңгертуге арналған мультимедиялық, электронды оқу кешендерін тіл үйрену барысында ұтымды қолдана білу;
- БАҚ, сайттардан алынған материалдарды сұрыптап, өңдей алу, қатысымда қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

#### **тұлғааралық:**

- мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін құрметтеу және толеранттық негізінде тұлғааралық және мәдениаралық қатысымға қабілеттілік, ұлтаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас ережелерін сақтай отырып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтатын ресми шараларға қатысуға, қолдануға, іске асыруға қабілетті болуы.

#### **жүйелік:**

- қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық жүйесі арқылы ойды жеткізу, әңгімелесушіге әсер ету, қазақ тілінде мәтінді сипаттау, хабарлау, талқылау үшін пайдалану;
- тілдер мен әдебиет үдерісін Қазақстандағы, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, саяси жағдайлармен, ҚР конституциялық-құқықтық негіздерімен үйлестіруге бейімділік

#### **Пәндік құзірет:**

- тіл білімі мәселелерін: олардың негізгі лексика-грамматикалық түсініктерін, олардың басқа ғылымдармен байланысын, қазақ тілінің даму тенденциясы мен қазіргі жағдайын, Қазақстандағы тарихи-мәдени және тарихи-әдеби үдерісті меңгеруге қабілеттілік.
- қазақ тілінің жүйесін пысықтау, қазақ тіл бірліктерінің құрылымы мен қолданылуы барысында халықтың тарихы мен мәдениетімен байланыстыру, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырғанда берілген коммуникативті жағдаяттарға байланысты іргелі білімдерді қолдану қабілеті
- компьютермен өңделген мәліметтерді; түрлі типтегі мәтінді редакциялау, тілдік әдіс-тәсілдерді қолдану, филологиялық ақпараттарды жинауға, сақтауға және өңдеуге арналған ақпараттық технологияларды жүзеге асыруға қабілеттілік.
- филология ғылымындағы жаңа жетістіктерді өз мамандығына бейімдеп тиімді меңгеруге дайындық.

**Пререквизиті:**

- жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ тілі пәні

**Постреквизиті:**

- ғылыми дискурс және тілдік коммуникация

**«KAZ 1002» - «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі» (3 кредит)****Пәннің МАЗМҰНЫ:**

**Мақсаты:** қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіндегі негізгі міндеттерді сөйлеу түрлеріндегі модельдер мен қатысым түрлері арқылы жүзеге асыру. Тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі грамматикалық білімін бекіту және сөйлеу әрекетін дамыту.

**Міндеттері:** берілген сұрақтарға өзінде бар сөздік қорды пайдалана отырып, дұрыс жауап беруге үйрету;

Белгілі бір тақырып бойынша өз ойын дұрыс жүйелі түрде айта алатын дәрежеге жеткізу;

Мәтінмен жұмыс істеу барысында көлемді мәтінді оқып түсінуге, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру;

Естігені бойынша қабылдаған мәліметті қорытып, өз ойын айта білуге үйрету т.б.

**Құзірет:**

- мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттар толқынынан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны өмірде қолдана білу;
- кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай білу;
- проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде жеткізе білу;
- мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта білу, оны дәлелдеп, қорғай білу;
- мемлекеттік тілде шешен сөйлеуге дағдылану;

Қазақ тілін сапалы меңгерудің түпкі нәтижесі ретінде ақпараттық, проблеманы шешу, коммуникативтік, мәдени-танымдық құзіреттіліктермен қоса әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктер жобалай оқыту және жеке тұлғаға бағдарлай оқыту технологиялары негізінде қалыптастырылады.

**ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, КӨЛЕМІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ**

Апт а	«KAZ 1001» - «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», 3 кредит		
	Тақырыптың атауы	Сағат	СӨЖ тапсырмалары
<b>I тақырыптық блок</b>			
<b>1</b>	г/т: Лексикология. Синоним және омоним сөздердің қолданысы. л/т: 1. Мемлекеттік тіл - ұлт негізі 2. Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде.	<b>1</b> <b>2</b>	1. «Тіл тұтастығы - ел тұтастығы» тақырыбы бойынша эссе жазу
<b>2</b>	г/т: Есімшелердің қолданысы. Қарсылықты білдіру формасы. л/т: 1. Батыс Қазақстандағы тарихи ескерткіштер. 2. Көне мәдени ескерткіштер.	<b>1</b> <b>2</b>	1. Септік жалғауларының қолданысы «Көне бұйымдар. Құман» . Тарихи терминдермен жұмыс.

<b>3</b>	г/т: Заттың сипаты, формасының сипатталуы. Сапалық, қатыстық сын есімдер. 1. Көне түркі жазба ескеркіштері. 2. Көшпенді халықтардың өрнек өнері.	<b>1</b> <b>2</b>	1. Тәуелдік жалғауының қолданылу аясы. Көне түркі жазуы тақырыбында ой алмасу. Тақырып бойынша презентация дайындау.
<b>4</b>	г/т: Мезгіл мәнді құрылымдар. 1. Отырар шұраты. 2. Отырар кітапханасы.	<b>1</b> <b>1</b> <b>1</b>	1. Көмекші есімдер, қолданылуы. Домалақ ана, Айша бибі кесенелері туралы әңгімелеу. Эссенің жазылу ерекшеліктері. Еркін тақырыпта эссе жазу.
<b>II тақырыптық блок</b>			
<b>5</b>	г/т: Салыстыру құрылымдары. 1. Көне түріктердің кітап шығару ісі. 2. Қазақстандағы мұражай ісі.	<b>1</b> <b>2</b>	1. Ұлы ғалым өмірі ұрпаққа өнеге Әл-Фараби еңбектері туралы пікіралмасу. Тарихи терминдермен жұмыс.
<b>6</b>	г/т: Қажеттілік мағынасының берілуі. 1. «Өзірет сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайы. 2. Мемлекеттік тарихи-мәдени –қорық мұражайлары.	<b>1</b> <b>1</b> <b>1</b>	1. Қожа Ахмет Ясауи туралы мәлімет. Тарихи терминдермен жұмыс.
<b>7</b>	г/т: Шарт мәнді құрылымдар. 1. Тайқазан. 2. «Әлемге әйгілі қазына».	<b>1</b> <b>1</b>	1. Қазақстандағы белгілі археологиялық қазбалар. Тарихи терминдермен жұмыс.
<b>7</b>	<b>АБ 1</b>	<b>1</b>	
<b>8</b>	г/т: Күрделі сөйлем құраудағы жалғаулықтардың рөлі мен маңызы. 1. Ғұлама тарихшылар. 2. Мұхамед Хайдар Дулати.	<b>1</b> <b>1</b> <b>1</b>	1. Ғұлама тарихшылар. Конспект жазу ерекшеліктері.
<b>9</b>	г/т: Етістіктің аналитикалық форманттары. 1. Шынайы тарих халықтарды татуластырады. 2. Тарих-и-Рашиди	<b>1</b> <b>1</b> <b>1</b>	1. Білімнің адам өміріндегі орны (эссе жазу).



1	Кәсіби бағдарлы қазақ тілі	Иманқұлова С., Егізбаева Н., Иманалиева Ғ., Омарова Б., Рамазанова Ш., К.Мұқадиева. Қазақ тілі . Оқу құралы. Алматы, 2008ж.	40			
2		Б.А. Омарова. Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, 2012.	50			
2		Күзекова З. Қазақ тілі практикумы (грамматикалық жаттығулар жинағы). Астана, 2010.			50	
3		Күзекова З. Қазақ тілі. Астана, 2003ж.			50	

### **СӨЖ / СОӨЖ бойынша тапсырмалар және әдістемелік ұсыныстар.**

Белгілі бір тақырыптар бойынша жобалық жұмыстар жасау, жұптасып немесе шағын топпен орындау.

Берілген тапсырма бойынша сабақта презентация дайындау.

Студенттердің бір-бірімен ұйымдастырған іскерлік ойын (рөлдік ойын) форматында өткізген консультациясы.

Студенттер бір-біріннің жазған шығармашылық жұмыстарына пікір жазады, оларды рецензиялайды.

Берілген тақырып бойынша топ студенттері ішінде пікірталас өткізу.

Белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинақтау, өз көңарасын білдіру.

Берілген тақырып бойынша статистикалық мәліметтерді талдау.

Берілген тақырып бойынша интервью алу.

Берілген тақырып бойынша ситуацияларды (ситуативтік диалогтарды) дайындау.

### **Білім мен құзіретті бақылау формалары:**

Бақылау жұмыстары: семестрде 2 жұмыс (*кредиттердің саны бойынша – 1 кредитке 1 жұмыс есебінен*).

СӨЖ: *жеке және топтық тапсырмалар СӨЖ ұйымдастыру технологиясына байланысты (реферат, презентация, эссе, жобаны қорғау, аналитикалық шолу және т.б. тапсырмалар жобалық-зерттеу сипатында).*

АБ: 2

Аралық бақылау: емтихан емтихан сессиясы кезінде.

Аралық бақылау пәннің мазмұнына кіретін теориялық және практикалық сұрақтар бойынша жүргізіледі (7, 14 апта).

Модульдің пәндері бойынша кеңесті оқытушының кеңсе-сағаты (СОӨЖ) уақытында алуға болады.

Бақылау	Өткізу түрі	Өткізу уақыты	Ең жоғары балл (максимум балл)	Тапсырмалар
Аралық бақылау №1	Жазбаша	7 апта	20	Ұсынылған тақырыптардың біріне эссе жазу: 1. “Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін фактор” 2. Менің Отаным - Қазақ елі 3. Өз факультетіңіз туралы
Аралық бақылау №2	Ауызша	14 апта	20	Мәтіндерге мағыналық-құрылымдық талдау жасау: 1. Қазақстандағы тарихи орындар. 2. Ғұлама тарихшылар. 3. Тарихта із қалдырған ұлы қолбасшылар.

### Жұмысты бағалау

Апта	Сабак түрлері мен студенттермен жұмыс			Апталық балл %
	Семинар саб. Жоғары балл %	СӨЖ, СОБЖ Жоғары балл %	АБ Жоғары балл %	
<b>1 - 7 апта</b>				
1	9			9
2	9			9
3	9	2		11
4	9	3+3		15
5	9	3		12
6	9	3+3		15
7	6	3	20	29
Барлығы: 100				
<b>8 – 15 апта</b>				
8	9	3		12
9	9	2		11
10	9	3		12
11	9	3		12
12	6	3		9
13	9	3		12
14	6	3	20	29
15	3			3
<b>200 балл</b>				
<b>Қорытынды емтихан: 100 балл</b>				
<b>Барлығы: 300 балл</b>				

### Білім және құзіретті бағалау тәртібі

№	Студент жұмысының және сабақтың түрлері	%
1	Аралық бақылау жұмыстары	20+20
2	Практикалық сабақтарға қатысуы және белсенділігі	120
3	Жеке және топтық тапсырмалар (СОБЖ, СӨЖ)	40
4	Қорытынды бақылау(емтихан)	100
<b>БАРЛЫҒЫ: 300</b>		

**Аралық бақылау (жазбаша немесе ауызша) және емтихан өткізу формасы – жазбаша**

**Білімді бағалау шкаласы:**

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	«Қанағаттанарлық»
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	«Қанағаттанарлықсыз»
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» <i>(GPA санағанда есептелмейді)</i>
P (Pass )	-	0-60 65-100	«Сынақ» <i>(GPA санағанда есептелмейді PA)</i>
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Сынақтан өтпеді» <i>(GPA санағанда есептелмейді)</i>
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» <i>(GPA санағанда есептелмейді GPA)</i>



AW (Academic Withdrawal)			«Академиялық себептермен пәннен шығарылуы (GPA санағанда есептелмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA санағанда есептелмейді)

### **Академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты**

Толерантты болыңыз, басқалардың пікірлерін құрметтеңіз. Қарсылықтар нақты формада тұжырымдалсын. Плагиат және басқа әділетсіз жұмыстарға жол жоқ. СӨЖ, аралық бақылау және емтихан тапсыру барысында көшіруге және басқадан көмек сұрауға, басқа адамдардың шығарған есептерінің көшірмесін алуға, басқа студенттің орнына емтихан тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез келген мәліметін бұрмалаған студенттің қорытынды бағасы «F» болады.

*Кафедра мәжілісінде қарастырылды  
№ 1 хаттама «\_28\_» тамыз 2013 ж.*

**Кафедра меңгерушісі**  
ф.ғ.к., доцент.

**Х.А. Қарабаева**

**Оқытушы**

**Н.Ж. Егізбаева**